

«Жұмбақ әлем» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Жұмбақ әлем» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оны өткізудің мақсаты, міндеттері және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына ұқыпты қатынасты тәрбиелеу.

Міндеттері:

табиғатқа деген ұқыптылық және ресурсты үнемдеушілік қарым-қатынасты тәрбиелеу;

білім алушылардың шығармашылыққа қызығушылығын дамыту;

білім алушылар мен педагогтерді шығармашылық белсенділікке ынталандыру;

балалардың назарын қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ескерткіштеріне және Қазақстан мәдениетіне аудару;

балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие беру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 8 ақпаннан 7 наурызға дейін** **nt_ekotur@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

2017 жылғы 7 наурыздан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломы, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 31 наурызда** **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО БанкЦентрКредит

Төлемақының мақсаты: «Жұмбақ әлем» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін міндетті түрде келесі құжаттарды:

- 1) кестеге сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген түбіртек немесе төлем тапсырмасын;
- 3) электронды түрде байқау жұмысын **nt_ekotur@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының 7-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

7-10 жастағы кіші жас санаты;

11-14 жастағы орта жас санаты;

15-18 жастағы жоғарғы жас санаты.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Таңғажайып әңгіме» номинациясы – «Экология болашағы» тақырыбындағы әдеби шығармалар.

Көлемі: 3 беттен артық емес (*A4 форматы, Word for Windows, Times New Roman қаріні, 14 кеглі, арақашықтығы бір жарым, барлық жолағы - 2 см*).

«Экологиялық ой қорапшасы» номинациясы – қатысушы сурет, аппликация, матадан, қағаздан, қатырмадан бұйым, табиғи материалдардан және т.б. арқылы өзінің түсінігін көрсетеді. Ғимарат, техника, табиғат, ғылыми жетістіктер, адамдарды, олардың тұрмысын, сәнді, болашақ өнерді бейнелеуге болады...

Байқауға ұсынылған жұмыстар суретке түсіріліп, JPEG форматында электронды түрде ұсынылуы керек. Суреттер кезеңмен орындалған жұмысты бейнелеуі керек. Суреттің көлемі 4 данадан кем емес болуы тиіс.

11. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкестігі;

жұмыстың сапалы және шебер орындалуы;

шығармашылық деңгейдің автордың жас ерекшелігіне сәйкестігі;

тақырыптың шығармашылық ойы және толық ашылуы.

12. Байқауда бір қатысушы бір номинация немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады.

12. Байқау жұмысының титул парағында көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау, номинация, жұмыс аталуы;
автордың аты-жөні;
қатысушының жасы;
e-mail, байланыс мәліметтері;
жетекшінің аты-жөні, тегі;
жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

13. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

14. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249308** («Жұмбақ әлем» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Жұмбақ әлем» байқауы → жалғасы. «Жасыл ғаламшар» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <https://vk.com/greenplanetkz>).

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет байқауына қатысу өтінімі

Қатысушының аты-жөні, тегі	Жасы	Облыс, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы, сыныбы, курсы	Байқаудың, номинацияның, жұмыстың атауы	Байланыс мәліметі (ұялы телефон, эл. адресі)	Жетекшінің аты-жөні, тегі (толық), егер бар болса, жұмыс орны мен қызметі	Жетекшінің байланыс мәліметі (ұялы телефоны, эл. адресі)
1	2	3	4	5	6	7